

## Хаттама №1

Күні: 28.08.2020

Қатысқаны:

Қатыспағаны:

### Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарларын, аттестация комиссия мүшелерін, сынып жетекшілерін бекіту және тағайындау;
2. Мектепте ҚО пайдаланылатын білім беру интернет платформаларымен танысу;
3. Жаңа оқу жылында білім алушыларды бағалау ерекшеліктері;
4. 1-4 кезекші сыныптардың жұмыс режімі және жұмыс істеу қағидалары;
5. Педагог имиджі мен этикетті сиктуду;
6. Ағымдағы мәселелер

Бірінші мәселеде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.М.Хақимжанова 2020-2021 оқу жылының мақсаттары мен міндеттерін таныстырып өтті. Оқу-тәрбие жоспарын, дарынды балалармен жұмыс жоспарларын бекітілетіні, оқушылардың жеке іс-қағаздары, электронды журналдардың, төртінші сыныптан бесінші сыныпқа көшкен сыныптардың қалыптау жағдайы тежееріліп, қадағаланатыны жайлы баяндады. Сонымен бірге күнтізбелік-тақырыптық жоспарды бесінші қыркүйекке дейін тапсырып, бекіту керектігін ескертті.

Мектеп директоры А.А.Түркестанбаева мектептің аттестациялау комиссиямен мүшелеріне мектеп директорын А.А.Түркестанбаева, директордың оқу ісі жөніндегі менеджері К.М.Хақимжанова, бірлесіп жетекшілерін Б.К.Абилсентова, Г.З.Байгаскинова, Б.К.Қойшыбаева, А.К.Жұңусова, Р.Ж.Камышева тағайындады.

2020-2021 оқу жылына әр сыныпқа сынып жетекшілерін, оның ішінде 7 «ә» сыныптың жетекшісі декреттік демалысқа кетуіне байланысты оның орынна физика пәнінің мұғалімі А.М.Сейткалиеваны тағайындады. Сала бойынша бірлесіп жетекшілері болып - Б.К.Абилсентова, Г.З.Байгаскинова, Б.К.Қойшыбаева, Р.Ж.Камышева, А.К.Жұңусова сонымен бірге жас мамандарға тәлімгер С.Т.Татенова, Г.Е.Судейменова тағайындалды.

Екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.М.Хақимжанова ҚО пайдаланылатын білім беру интернет платформаларымен таныстырып өтті. Олар: классрум, zoom, kundeslik.kz, bilimland.kz.

Bilimland.kz. платформасына сабақ кестесі мен бірге қажетті мәліметтердің бәрі енгізілетінін атап айтты. Zoom платформасымен жұмыс жасау жолын ата-ана мен оқушыларға түсіндіріп айту керектігін сынып жетекшілерге ескертті.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.М.Хақимжанова аталған интернет платформаларының әрқайсысына тоқталып, олармен қалай жұмыс жасау керектігін жөнінде түсіндірме жұмысын жүргізді.

Үшінші мәселедегі жаңа оқу жылында білім алушыларды бағалау ерекшеліктері туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.М.Хақимжанова айтып өтті. Қалыптастырушы бағалау он балдық жүйеде бағаланады. Ол бөлім бойынша жыныстық бағалаудың жиырма бес пайызын құрайды. Бірінші сыныптарда бағалау жүргізілмейді. Күнделікті сабақта 2-11 сыныптарда 1-10 балдық бағалау жүргізіледі.

Төртінші мәселе бойынша мектеп директоры А.А.Туркестанбаева бастауыш сыныптарда ата-аналардың өтінішімен кезекші сыныптар ашылғандығын айтып, кезекші сыныптарға сабақ беретін ұстаздармен таныстырып өтті.

Кезекші сынып мұғалімдеріне оқушыларды бет пердемен ата-аналары қамтамасыз ету керектігін және бет пердені баланың уақытылы ауыстырып отыруын қадағалау керектігін ескертті. Кезекші сынып мұғалімдері мен кінші қызметкерлерді бет пердемен мектеп қамтамасыз ететінін айтып өтті.

Бесінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы А.К.Джалмурзаева қашықтықтан оқыту кезіндегі мұғалімнің өзін-өзі ұстауы мен жалпы педагогикалық әдеп жөнінде өзінің ой-пікірімен бөлісті.

Алтыншы ағымдағы мәселеде мектептің кітапханашысы мектептегі оқулық қорымен таныстырып өтті. Бастауыш сыныптарға оқулықтар толықтай жетеді. 5,8,10 сыныптардағы кітаптар жетіспеуіндігін, ол кітаптарды аудандағы мектептерден сұраныс жасайтынын айтты.

Мектеп директоры А.А. Туркестанбаева аттестациядан өтіп, жаңа дәрежеге ие болған ұстаздардың құлшыерін табыстады. Мектептің оқу-тәрбие ісіне еңбек сіңірген ұстаз Д.У.Мажитова «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Биылғы оқу жылының ерекшелігіне сәйкес жоғарғы оқу орынын қызыл дипломмен аяқтаған Ерғеш Нүрсұлса мидератор құлшыері табысталды. Мектеп директоры А.А.Туркестанбаева мектепке жаңадан қабылданған ұстаздарды таныстырып өтті.

#### Қаулы:

- 1) 2020-2021 оқу жылының мақсаттары мен міндеттері, оқу-тәрбие жоспарының жоспарлары бекітіліп, жүзеге асыруға қаулы етілді.
- 2) Сала бірлестік жетекшілері мен мектеп әкімшілігі мүшелері аттестациялау комиссиясының мүшелері болып бекітуге қаулы етілді.
- 3) 7 «б» сыныбының сынып жетекшісі болып физика пәнінің мұғалімі А.М. Сейтқазиеваны бекітуге қаулы етілді.
- 4) Қашықтықтан оқытуға klicсерум, zoom, kundelik.kz, bilimland.kz, интернет платформаларын жүзеге асыруға қаулы етілді.
- 5) Кезекші сыныптарға сабақ беруі үшін бұйрықпен бекітілген ұстаздар қабылдануға қаулы етілді.
- 6) Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы А.К.Джалмурзаеваны, хатшысы А. Қенжалынаны бекітуге қаулы етілді.
- 7) Жетіспеуші оқулықтарды аудан мектептерінен сұраныс жасау арқылы толықтыруға қаулы етілді.

Педагогикалық кеңестің төрайымы  
мектеп директоры  
Хатшы:



А.А.Туркестанбаева  
А.К.Сиздикова